

**«Егемен Қазақстан» Республикалық газеті»  
акционерлік қоғамының Басқармасы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже Қоғамның атқарушы органы – Қоғам Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) мәртебесін, құрылу тәртібін, қызметін және құзыретін, Басқарма мүшелерінің өкілеттігі мен жауапкершілігін, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртіптерін анықтайды.

1.3. Басқарма өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын, Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, ол тек Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жататындарды қоспағанда ағымдағы барлық мәселелерді шешеді.

1.5. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

1.6. Ешқандай тұлға (немесе тұлғалар тобы) Басқарманың шешім қабылдауына әсер ете алмайды.

1.7. Басқарма мүшелері жұмыстарының негізгі қағидаты жауаптылық, тиімділік, әділдік, адалдық, парасаттылық, тұрақтылық болып табылады.

1.8. Басқарманың қызметі Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін барынша сақтау қағидатына құрылған және Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне толықтай есеп береді.

**2. Басқарманың құзыреті**

2.1. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде және Жарғыда басқа органдардың және Қоғам лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмағандардан өзге Басқарма қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма:

- 1) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдайды;
- 2) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін анықтайды;
- 3) Қоғам қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарын, даму жоспарын әзірлеуді және олардың орындалуы бойынша есепті даярлауды қамтамасыз етеді;
- 4) тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және Қоғам нышандарының үлгілерін бекітеді;
- 5) сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асырады;
- 6) Қоғамның штаттық санын және ұйымдық құрылымын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;
- 7) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның штаттық санын есепке ала отырып Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;
- 8) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер мен нұсқауларды қабылдайды;
- 9) Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің ортамерзімді жоспарын, қаржы-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарын (бюджетін), бес жылдық даму жоспарын және олардың орындалуы туралы есепті бекітуге ұсынады;
- 10) Директорлар кеңесіне еңбекке ақы төлеу сызбасы қосымшасымен Қоғам қызметкерлері үшін еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы, әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар беру жүйесін белгілейтін Қоғамның ішкі құжаттарын бекітуге ұсынады;
- 11) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 12) Қоғамның Қоғамға барлық тиесілі активтерінің он пайызына дейін құрайтын сомадағы активтердің бөлігін және бірнеше бөліктерін беру арқылы өзге заңды тұлға құру және қызметтеріне қатысу туралы шешімдер қабылдайды;
- 13) Қоғамның ұйымдық бірліктері (құрылымдық бөлімшелері) туралы ережені, сондай-ақ Қоғам Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын өзге ішкі құжаттарды бекітеді;
- 14) Қоғам Ішкі аудит қызметі ұсыныстарының орындалуын жүзеге асырады;
- 15) Қоғам Директорлар кеңесінің бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 16) Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару ресімдерін әзірлейді және қолданады;
- 17) Заңнамада және (немесе) Жарғыда Қоғамның өзге органдарының, Президенттің (Басқарма Төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда Қоғамның мәмілелер жасасу туралы шешімін қабылдайды;

18) Қоғам Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционерінің шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың ұсыныстарының, сондай-ақ Қоғам Ішкі аудит қызметі ұсыныстарының орындалуын жүзеге асырады;

19) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыстарын ұйымдастыру және бағыттау мақсатында шешімдер қабылдайды;

20) Қоғамдағы бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен жүргізуді ұйымдастырады;

21) Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына Қоғам қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды ұсынады;

22) Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына аудиті Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізілген, аяқталған жыл үшін жылдық қаржы есептемесін, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін алдын-ала қарауға ұсынады;

23) Қоғамның есеп саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді және Қоғам Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады;

24) Қоғам қызметкерлерінің оқуына қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

25) Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататындарды қоспағанда Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

2.3. Басқарма Қоғам қызметі туралы ақпараттарды Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

2.4. Қоғам Басқармасы Қоғам алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін қаржы және адам ресурстарын бөлуге, сондай-ақ ұсынылатын қаржы ақпаратының толықтығы мен шынайылығы үшін жауаптылық көтереді.

2.5. Басқарма Қоғам Директорлар кеңесі отырысының болжамды күн тәртібін көрсете отырып Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасынан Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқылы. Егер он жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде талап қанағаттандырылмаса, онда Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесін өз бетінше шақыруға құқылы.

### **3. Басқарма жұмысын ұйымдастыру**

3.1. Басқарманы Жалғыз акционер сайлайтын Басқарма Төрағасы – Басқарма Президенті басқарады.

3.2. Президент (Басқарма Төрағасы):

1) Жалғыз акционер мен Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғаларға қатысты сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

3) Қоғам мүдделерін білдіру құқығына арналған сенімхаттарды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес береді;

- 4) бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;
- 5) статистикалық есептемені жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 6) қоғам қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган, корпоративті хатшы және қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 7) Қоғам мүліктері мен қаражаттарын Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Жарғыда анықталған тәртіппен билік етеді;
- 8) Қоғам Басқармасы атынан Қоғам органдарымен қатынастарға түседі, оның ішінде Қоғам Директорлар кеңесін шақырады;
- 9) міндеттерді, сонымен қатар Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасындағы жауапкершіліктер мен өкілдіктер саласын бөледі;
- 10) өзі жоқ болған жағдайда өзінің міндетін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 11) жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және Қоғамдағы жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына жеке жауапты;
- 12) Қоғамды Қоғам Жарғысында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қатаң басқарады;
- 13) Басқарма жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;
- 14) Қоғам атынан Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен мәмілелер жасайды;
- 15) Басқарма отырыстарын шақырады, Басқарма отырыстарын өткізу нысанын, күнін, уақытын және орнын, күн тәртібін анықтайды, отырыстарда төрағалық етеді;
- 16) Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады;
- 17) Қоғам Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерін сайлау (тағайындау) үшін үміткерлерді ұсынады;
- 18) Қоғам Директорлар кеңесіне Қоғам атқарушы органының мүшелеріне сыйлықақылар мен өтемақылардың мөлшерін тиісті қаржы жылына арналған еңбекке ақы төлеу қорының бекітілген сомасының шегінде белгілеу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 19) Қоғам жұмысының тәртібін белгілейді;
- 20) Басқарма анықтаған тәртіппен ішкі нормативті құжаттарды бекітеді;

21) тұрақты негізде (тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша) Қоғам Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша:

- Қоғамның тәуелді ұйымдарын басқару туралы;  
- тиісінше Директорлар кеңесі мен Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бекіткен Қоғам қызметтерінің басым бағыттарын, Даму стратегиясын іске асыру туралы есеп береді;

22) Қоғамның ағымдағы және перспективалы жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

23) Қоғамның банк және басқа да шоттарын ашады;

24) техникалық, ақпараттық-коммуникациялық және құқықтық саясатты, корпоративті дамуды және Қоғам активтерін басқару саясатын қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

25) Қоғам қызметінің стратегиялық жоспарлауын жүзеге асырады;

26) Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Басқарманың құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындау үшін қажетті, Қоғамның ағымдағы қызметтеріне қатысты басқа барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

27) Заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің немесе Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, оған Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.3. Басқарма Хатшысы Басқарманың шешімімен тағайындалады. Қоғам Басқармасының мүшелері Басқарма хатшысын Қоғам Басқармасы хатшысының міндеттері мен қызметтерін атқарғаны үшін төлем ақысыз Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамаларын жүргізу үшін Қоғам қызметкерлерінің ішінен сайлай алады.

3.4. Отырыс егер оған оның мүшелерінің кемі жартысы қатысса өткізілген болып саналады.

3.5. Өткізілетін күнін анықтауды, күн тәртібін қалыптастыруды және Басқарманы шақыруды Басқарма Президентінің келісімі бойынша Басқарма Хатшысы жүзеге асырады.

3.6. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдарды даярлауды Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жүргізеді. Күн тәртібі бойынша материалдарды қалыптастыруды Басқарма Хатшысы отырыс өткізілетін күнге дейін үш күнде жүзеге асырады.

3.7. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдарды Басқарма Хатшысы Президентке және Басқарма мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін екі күннен кешіктірмей ұсынады.

3.8. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысушылардың қарапайым басым дауыстарымен қабылданады. Басқарманың әрбір мүшесі бір ғана дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Президентінің шешуші дауысқа ие болу құқығы бар.

3.9. Дауыс беруді жүргізу тәсілі Басқарманың отырысында алқалы түрде қабылданады.

3.10. Басым мүшелердің пікірлеріне өзінің келіспейтінін білдірген Басқарма мүшесі шешім қабылданған сәттен бастап бір тәулік ішінде оны отырыс хаттамасына қосу үшін жазбаша нысанда өтініш білдіруге құқылы.

3.11. Басқарма шешімдері тек іштей өткізілген отырыстарда ғана қабылданады.

3.12. Басқарманың отырыстарында хаттама жүргізіледі, оған қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қояды.

#### **4. Басқарманың құрамы**

4.1. Басқарманы құру, оның өкілеттігі, сондай-ақ Басқарма Президентін қоспағанда Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Президентті (Басқарма Төрағасын) сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

4.2. Басқарма кемі 3 (үш) адамнан тұрады.

4.3. Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшесі болады.

4.4. Басқарма құрамына сайланатын (тағайындалатын) үміткерлер бойынша ұсыныстарды Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма Президенті ұсынады. Басқарма Президенті Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына сайланатын (тағайындалатын) үміткерлер бойынша ұсыныстарды Қоғам Директорлар кеңесінің қарауына Басқармадағы бос лауазымға қайталап екі ретке дейін ұсынуға құқылы.

4.5. Қоғам Директорларының кеңесі Басқарма Президенті екінші рет ұсынған үміткерді кейінге қалдырған жағдайда бос лауазымға үміткер бойынша ұсыну құқығы Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасына көшеді.

4.6. Басқарма мүшелерін іріктеу мен тағайындауды Қоғам Директорларының кеңесі сайлау (тағайындау) процесінің айқындылығын қамтамасыз ететін келесі ресімдер негізінде жүргізеді.

Басқармадағы үміткерлер туралы ақпараттар Қоғам Директорларының кеңесіне Қоғам Директорлар кеңесінің отырысына дейін ұсынылуы керек және мынадай деректерді:

- үміткердің тегін, атын, әкесінің атын (қажет болған жағдайда);
- үміткердің жасын;
- үміткердің білімін;
- үміткердің соңғы бес жылда атқарған лауазымын;
- үміткер ұсынылған сәттегі оның атқарған лауазымын (үміткер акционерлік қоғамның басқа атқарушы органының мүшесі болған жағдайда осы қоғам Директорлар кеңесінің келісімінің болуы) қамтуы тиіс.

Іріктеу жүргізілген кезде Басқармадағы лауазымға үміткерге мынадай:

1) оған жүктелген міндетті бұдан әрі тиісті түрде орындауына мүмкіндік беретін жоғары білімінің, тәжірибесінің және біліктілігінің бар болуы;

2) беделді болуы;

3) сотталмаған болуы.

4) егер көрсетілген адам мемлекеттік функцияларын орындау кезінде өзінің лауазымдық өкілеттігіне сай Қоғам қызметін тексеру нысанында бақылауды жүзеге асырса, не Қоғам қызметі көрсетілген тұлғамен оның құзыретіне сәйкес тікелей байланысты болса, ондай тұлғаларға мемлекеттік қызметі тоқтатылғаннан кейін бір жыл ішінде Басқармаға тағайындауға рұқсат етілмейді.

Қоғам Директорларының кеңесі Басқарма мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселелері қарастырылып отырған отырысқа кандидатурасы Басқарма құрамына сайлау ұсынылған тұлғаларды отырысқа шақыруға құқылы.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері үміткердің белгіленген талаптарға сәйкестігін нақтылау мақсатында сұрақтар қоюға, сондай-ақ үміткердің кәсіби және жеке басының сапасын анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтарды қоюға құқылы.

Қоғам Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы басым мүшелері үміткерге дауыс берсе, ол Басқарма құрамына сайланған болып саналады.

Басқармаға сайланған мүшелермен Қоғам атынан Басқарма Президенті қол қойған еңбек келісімшарты немесе қосымша еңбек келісімшартықа жасалады.

Қоғам Директорлар кеңесінің шешім қабылдаған сәтінен тағайындалған болып саналады.

Басқарма мүшелері саны шексіз мәрте қайта сайлана алады.

4.7. Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын Қоғам Директорлар кеңесі, Басқарма Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша Қоғамның Жалғыз акционері тоқтата алады. Бұл орайда, қызметкердің Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттігі Басқарма Президентін қоспағанда, оның Қоғаммен өзге еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатуға әкелмейді.

Басқарма мүшесі Басқарма мүшесі құрамынан өзінің бастамасымен Қоғам Директорлар кеңесі Төрағасының атына өтініш жазып шығуға құқылы. Оның бастамасы бойынша Басқарма мүшесі өкілеттігін тоқтату Қоғам Директорлар кеңесінің оның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдаған сәті болып табылады.

Басқарма мүшесі болған Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарының тоқтауы Басқармаға мүшеліктің мерзімінен бұрын тоқтауына әкеледі. Мұндай жағдайда Қоғам бұл мүшенің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қажеттілігі

және Басқарманың жаңа мүшесін сайлау (тағайындау) қажеттілігі туралы Қоғам Директорлар кеңесіне тез арада хабарлайды.

## **5. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

5.1. Басқарма мүшелерінің қызметтері, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қоғам Жарғысында, сондай-ақ Қоғамның олардың әрқайсысымен жасасатын еңбек келісімшартында (оған қосымша келісімшартында) анықталған.

Еңбек келісімшарттарында (оған қосымша келісімшарттарында) тараптардың құқықтары, міндеттері, жауаптылықтары және басқа да маңызды шарттар, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің Қоғамды корпоративті басқару Кодексінің ережелерін сақтау бойынша міндеттемелері қамтылуы тиіс.

5.2. Басқарма мүшелері мыналарға:

- 1) мәселелерді Басқарманың қарауына енгізуге;
- 2) Басқарма отырысының күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 3) Қоғам қызметіне қатысты және қызметтерді сапалы жүзеге асыру және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты талап етуге;
- 4) Басқарма жұмыстарының жоспарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 5) Басқарма отырысын шақыруды талап етуге;
- 6) заңдарда, Жарғыда, осы Ережеде және Қоғамның басқа ішкі құжаттарында көзделген өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқылы.

5.3. Басқарма мүшелері мыналарға:

- 1) бухгалтерлік есеп пен қаржы есептемесі жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге;
- 2) Басқарма отырыстарын шақыруға бастамашы болу, Басқарма Президентіне хабарлау немесе өзге қолжетімді жолдармен залалдың алдын алу, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға;
- 3) Басқарма Президентінің тапсырмасы болған жағдайда оған басшылық жасайтын мәселелер бойынша істің жай-күйі туралы хабарлауға;
- 4) Басқарма Президентінің, Қоғам Директорлар кеңесі Төрағасының, Басқарма хатшысының назарына өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер жеткізуге;
- 5) Тиісті қаржы жылына арналған Басқарма жұмыстарының жоспарын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін бекітуге;
- 6) Заңдарда, Жарғыда, осы Ережеде, еңбек шартында және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген өзге міндеттерді орындауға міндетті.

5.4. Басқарма мүшелері өздерінің құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқаруға



және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін барынша көрсететін дәрежедегі тәсілдерді пайдалануға міндетті.

5.5. Басқарма мүшелері Қоғам мүліктерін өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасасу кезінде Жарғыға, Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда асыра пайдаланбауы немесе пайдалануға жол бермеуі тиіс.

5.6. Басқарма мүшелері Қоғамның қызметі туралы ақпараттардың заңнама талаптарына сәйкес ашылуын және ұсынылуын бақылайды, оларға Қоғам туралы белгілі болған кез келген құпия мәліметтерді, коммерциялық құпияларды жарияламауға міндетті. Құпиялылықты сақтау бойынша міндеттер Басқарма мүшелерінің қызметтік міндеттерін орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы күшін сақтайды.

5.7. Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазымдарды атқаруына әрбір нақтылы жағдайда тек Қоғам Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

## **6. Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі**

6.1. Басқарма Президенті және Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің және Қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғамға залал келтіретін шешімдер қабылдағаны үшін жауапты.

6.2. Басқарма мүшелері олардың әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) келтірген зияны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіппен, оның ішінде мыналардың:

1) адасуға соқтыратын ақпараттарды немесе қасақана жалған ақпараттарды ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес ақпараттарды ашу және Қоғам қызметін ақпараттық насихаттау тәртібін бұзу салдарында келтірілген шығындар үшін жауапты.

6.3. Заңсыз шешімдер қабылдауға қарсы дауыс берген, сондай-ақ отырысқа қатыспаған Басқарма мүшелері Қоғамға залал келтіретін қабылданған шешім үшін жауапқа тартылмайды.

6.4. Егер бірнеше тұлға жауапты болған жағдайда, олардың Қоғам алдындағы жауапкершіліктері ортақ болып табылады.

6.5. Басқарма мүшелері бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға, жүргізуге және шынайылығына, қажетті есептемелердің уақытылы ұсынылуына, сондай-ақ Қоғамның акционерлерге, мемлекеттік органдарға және басқа да органдарға ұсынған мәліметтерінің шынайылығы үшін жауапты.

## **7. Еңбекақы төлеу және сыйақы**

7.1. Басқарма Президентінің және Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақысын, еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

7.2. Жыл қорытындысы бойынша Басқарма Президентіне Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды және аудиттелген қаржы есептілігінің негізінде ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының қорытындылары бойынша төленеді.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.